

МҒТАР 17.12.09

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss2pp132-141](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp132-141)

**С. Батан<sup>1</sup>, А.Е. Алимбаев<sup>2</sup>, А.А. Мирзахметов<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup>А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, 010009, Қазақстан Республикасы

<sup>3</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010009, Қазақстан Республикасы

## **М. БАЗАРБАЕВ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ АҚЫНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

*Қазақ поэзиясы үнемі ілгерілеп отыратын жанр. Ұлттық әдебиеттану тарихында поэзияның дамуындағы жедел өзгерістер жалпы әдебиеттің де даму сипатын байқатып, ондағы тақырыптық, идеялық, көркемдік-құрылымдық сипаттар үнемі зерттеу нысанына алынып отырды. Қазақ поэзиясының кезеңдік даму ерекшеліктерін, дәстүр мен жаңашылдықты, көркемдік қырларын жүйелі зерттеуге айналдырған ғалым Мүсілім Базарбаев болды. Зерттеуші өткен ғасырдағы қазақ әдебиетін, поэзияны зерттеу кезінде теориялық-әдіснамалық, тарихи, тақырыптық, көркемдік-стильдік ерекшеліктерді кешенді қарастырып, поэзияның даму бағдарындағы ілгерішіл-кейінді тұжырымдарды, дәуір поэзиясына қатысты дәуірлік сыни көзқарастарды саралап отырған. Мақалада зерттеушінің ХХ ғасырдағы қазақ ақындары С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев өлеңдерін талдап, дәуір әдебиетіне тән мазмұн, форма, стиль өзгерістерін енгізгені, жекелеген тілдік қолданыстағы дәстүрлі ұғымдар мәнінің кеңейе қолданылғанын, жаңадан енген сөздер арқылы жаңа мазмұнға ие болған стильдік ерекшеліктерді, оның орыс әдебиетіндегі түр жаңалығымен іргелесе көрінгені сараланады.*

*Қазақ поэзиясы тақырыптық-идеялық тұрғыдан құлашын кенге жайған, қазақ әдебиетін дамытып келе жатқан бай жанрдың бірі ретінде қарайтын болсақ, оны зерделеу, заман көшінен қалмай саралап-талдау күн тәртібіндегі үлкен мәселе. Мақалада замана келбетін, адам болмысын суреттеуде поэзияның орны ерекше екенін ескерсек, өлең адам жұмбағының, тылсым әлемінің кілтін табатын құрал ретінде талданады.*

*Кілт сөздер: поэзия, кезең, пішін, тақырып, жаңашылдық*

## **НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

Жанр – әдебиеттің тегінен бөлініп шыққан шығармалар тобы. Жанрдың, оның ішінде поэзияның теориялық аспектілері Аристотель, Ф.В.Шеллинг, В.Белинский, Б.Томашевский, В.Жирмунский, Л.Гинзбург, Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, Қ.П.Жүсіп, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қаралды. Ұлттық поэзия әдебиеттану ғылымындағы белсенді жанр. Бұған жалпы қазақ поэзиясының байырғыдан келе жатқан көне тарихы, сөз өнерінің алдында жүретін белсенділігі себеп. Осы ретте, қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдығы, көркемдігі мен стилі, тілі мен құрылысы зерттеліп, іргелі еңбектер жарық көрді. Бұл поэзияның көп қырлы, үнемі даму, жетілу үстіндегі жанр екенін айғақтайды.

Поэзия деген ұғым тарихи жағынан алғанда ерте қалыптасқан жанрдың бірі. Қай халықтың әдебиетін алсақ та, поэзия ерте заманнан дамып-өркендеген. Қазақ поэзиясының қалыптасуы мен дамуы, өзіндік ерекшеліктерін саралау бүгінгі әдебиеттану ғылымының өзекті арналарының бірі. Лирикалық қаһарманның яғни ақынның шығармашылығы арқылы заман шындығын, дәуір тынысын танытуда М.Базарбаевтың ғылыми мұрасы бізге жолсерік екені анық.

## КІРІСПЕ

Қазақ поэзиясының өзіне тән көркемдік-эстетикалық сипаты әр дәуірде кемелденіп отырады. Поэзияның тақырыптық-идеялық тұрғыдағы ерекшелігі қоғамның саяси-әлеуметтік ахуалына қатысты екені белгілі. Ал, көркемдік болмысы, эстетикалық қуаты әдебиет әлеміндегі шығармашылық өкілдерінің ізденісі, дарыны арқылы қалыптасады. Өзімізге белгілі ұлттық поэзия халықтың қара өлеңінен басталып, тұтас бұқараның талап-талғамына, сөз өнеріне деген сүйіспеншілік-ықыласына байланысты өрлеп отырды. Поэзияның жедел дамуы мен өзгеруі ұлттың әдебиетке, сөз өнеріне деген көзқарасын анықтайды. Осы ретте, аталмыш зерттеу мақалада ұлт поэзиясының өткені мен бүгінін, келешегін терең зерттеп, саралап, жекелеген шығармашылық өкілдері арқылы дәйектеп отырған зерттеуші ғалым М.Базарбаевтың орны ерекше. Мақаланың мақсатына зерттеушінің поэзияда өзіндік орны белгіленген ақындардың өлеңін талдауы, мазмұн мен пішін, стильдік тұрғыдағы енгізген жаңашылдықтарын дәйектеуі қарастырылып, саралау жасалды. Зерттеу тақырыбы кеңес дәуірі кезінде жасап, шығармашылығын қалыптастырған ақын-қаламгерлердің туындыларын қарастырған зерттеуші ізденісінің жаңашылдығын, зерттеу өзегін бүгінгі күн тұрғысынан баға беруді көздейді. Ғалым М.Базарбаевтың «Замана тудырған әдебиет», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Казахская поэзия: художественные искания» зерттеулеріндегі ғылыми топшылаулардың жаңашылдық сипаты негізделді.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Мақалаға ғалым М.Базарбаевтың қазақ поэзиясына қатысты еңбектерін саралау үстінде, поэзия жанрының ерекшелігі, поэтикасы, дәуірмен үндестігі, өмір шындығын бейнелі көркемдікпен жеткізу проблемалары айқындалып, өлең-жырдың өрнегін, эстетикалық сын-сипатын әр жылдары зерттеу нысанына алып отырған әдебиеттанушы ғалымдар С.Сейфуллин, М.Әуезов, З.Ахметов, С.Қирабаев, Қ.П.Жүсіп еңбектері қарастырылып, салыстыру (ақын шығармаларының көркемдік аспектілерінің өзара үндестігі мен айырмасын жүйелеу), талдау (ақындар поэзиясының идеясын, пішінін, бейнелілігін өмір шындығы негізінде саралау), жинақтау (ақындар поэзиясындағы ұлттық сипат, дәстүр мен жаңашылдық, поэтикалық ерекшеліктерді топтау) әдістері қолданылды.

М. Базарбаевтың әдебиет теориясына қатысты пікірлері саралау, талдау, жүйелеу әдісі арқылы әдебиеттанушы ғалымдардың пікірлерімен дәлелді тұжырымдалған.

## ТАЛҚЫЛАУ

XX ғасырдың басындағы алмағайып кезең бейнесі ақын-қаламгерлердің бұрын болмаған тың тақырыптарға, жаңа бейнелеулерге баруына жол ашты. Бұл кеңес кезеңіндегі идеология талаптарының алға шығуына да байланысты еді. Бұл жөнінде өзінің «Казахская поэзия: художественные искания» еңбегінің «Поэзия в условиях эстетических понятий» тарауында қозғаған ғалым М.Базарбаев: «Қазан төңкерісінен бергі кезеңде алғанда, жаңа қазақ поэзиясы, қазан төңкерісінен соң өткеннің дәстүрін көбірек қабылдағанымен, негізінен жаңа салада, жаңа эстетикалық талаптарға бейімделе отырып тыңнан дамыды», - дейді [1, 143]. Кеңес әдебиетінің жаңашылдық сипаты төңкерісті, қоршаған ортаға жаңаша көзқарасты, қоғам мен еңбекке қатысты қалыпта көрінді. Өзімізге мәлім қазан төңкерісінен кейінгі әдебиеттің саяси, әлеуметтік беталысы, мазмұны мүлдем өзгерді. Бұрыннан да ұшқыр жанр – поэзияның шапшаң даму сипаты тереңдей түсті. Себебі қоғамдағы үлкен өзгерістер алдымен поэзияда орын алды. Бұл жанрдың жекелеген компоненттері арқылы байқалды. Біз әдетте тақырып пен идея, мазмұн мен форма туралы қағидаттарды жанрмен, шығармашылық тұлғамен байланыстырамыз. Бұлар белгілі бір дәрежеде ақын-қаламгерлердің жеке дарынын, стилін байқатуға тиіс. Ал, кеңес әдебиеті кезеңінде бұл ұғымдардың жалпылық қасиеті басым

болды. Себебі кеңес идеологиясы әдебиет пен өнерде қозғалуға тиісті тақырыптарды межелеп берді. Бұл ретте зерттеуші орыс әдебиетінде сыншылар алдымен В.Маяковскийді жаңашыл ақын деп танығанын айтып, оның үш түрлі ерекшелігін бөліп алады. Олар: Маяковскийдің ескі қоғамға, буржуазиялық ортаға деген бүлікшілдік көзқарасы; ақынның өз ортасын ескірген, күйреген қоғам деп танып, оның жасартуға, өзгертуге деген құлшынысы; ақынның сөзге деген сүйіспеншілігі, өлең құрлысын өзгертуі, сөздің қалпын (декламациялық сипат), өзіндік тәртіп үйлесімділігін орнықтыруы [2, 92]. Шындығында да ақынның сөз қолданысы, оған тыңнан екпінді, интонацияны үстеуі, сөздердің қайталануы, қысқа буындар немесе буын тәртібінің сатылай келуі арқылы мағынасының кеңеюі жаңашыл болды. Бұл алдымен поэзияның өзгеріске бейім қасиетін көрсетсе, екіншіден кезеңнің келбетін таныған ақындардың өлеңдерінде өздерінің дербес, өзіндік стильдерін бере алуы еді.

## НӘТИЖЕЛЕР

Зерттеуші қазақ әдебиетіндегі бір топ ақындарды: С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Мұқанов, С.Дөнентаев, Қ.Әбдіқадыров, Ғ.Орманов, Ж.Сыздықов, Ә.Тәжібаев, Т.Жароков поэзиясының бір-біріне ұқсас идея мен пішінде жырланғанын айтады. «Төңкерістен кейін бірден жаңа өмірге бет бұрған қазақ поэзиясы жаңа қоғам талабына сай пішінді тез арада таба алмады» [1, 144]. Зерттеуші М.Базарбаев көрсеткен ақындардың өлеңдеріндегі осы сипатты талдап көрейік. Мәселен, С.Сейфуллин төңкерісті қолдай отырып, поэзияға сол өзгеріс пен шапшаң әрекетті енгізуге тырысты.

Залымдық пен әділдіктің

Алысқанын айтайық.

Жер жүзінде бай мен кедей,

Шабысқанын айтайық.

Кедей сүйер, байлар күйер.

Ауыздан от шашайық.

Кел, жігіттер, болындар ер,

Жүйіткіт, орғыт, тұлпарды [3, 11].

Ақын өлеңіндегі идея тармақ сайын кеңейіп, нақтыланып отырады. Алдына қойған мақсатын дәл түсінген адамның шешімді әрекетке бастауы байқалады. Заманның ахуалын нақты түсінген ақын залымдық-әділдік, бай-кедей, сүйер-күйер сияқты қарама-қарсы мәндегі ұғымдар мен алысқан-шабысқан, жігіт-ер, жүйіткіт-орғыт сияқты мәндес сөздерді қатар жұмсай отырып, өлеңге нақтылық берген. Бір қарағанда өлеңде жырдағы шарттылық сақталған сияқты. Алайда, ақынның ойы одан анағұрлым кең, нақты: «Күнге жайып құшақты, шақырып бері шаттандық. Қуантуға ел-жұртты, асығып тез аттандық». Осы тұста ғалым-филолог Н.Смирнованың «Эпостың тақырыбы мен сюжеті қазақ кеңес әдебиетіне қажет болып шықты», - деуінің орынды айтылғанымен келісесіз [4, 11]. Себебі жырдың ойды шапшаң, кең беруі, кеңес кезіндегі алма-кезек өзгерген заманның бейнесіне үйлеседі. Сондай-ақ, зерттеуші Алма Құнанбаева грек және қазақ поэзиясын салыстыра отырып, қазақтың қазіргі тәжірибесі ежелгі грек мәтіндерін хронологиялық тұрғыдан алыс, бірақ дүниетанымы жағынан типологиялық жағынан жақын деп оқу керектігін көрсетеді дейді. Өткеннің үзінділері тек форманы ғана емес, сонымен бірге өз жолында дауысты да тауып, өзін бұрыннан келе жатқан мінез-құлық түрінің белгілері екенін айтады. [5, 18]. Сол сияқты С. Мұқановтың кеңес әдебиетінің қалыптасу дәуірінде халық поэзиясындағы өлең, жыр, толғау үлгілерін қолданғаны белгілі. Бұл үлгілерді дәуір талабына сай тап күресінің шиеленісін, еңбекші таптың, қазақ әйелдерінің ауыр тағдырын көрсетуде пайдаланады. Ақын өзінің Қозыбақ деген кейіпкерін:

Қой, сен бүйтіп қамықпа,

Ілгері ұмтыл, талап ет.

Шығуға айдай жарыққа,

Қайраттанып, бол, өжет, - деп әрекетке шақырады [6, 17]. Бұл үзінде де ақынның

кейіпкерінің ұмтылысын, алға өрлеуін қалап тұрғаны байқалады. Ендеше, ақынның Қозыбағы бір кездері ас пен киімге жарымай жүрген ертегідегі Тазша баланы елестетсе де, ақын оларды темір таяғы тебендей, темір етігі теңгедей болғанша, дүниені шарлаған түрде емес, «аяқтары тілініп, шөгір кіріп, ақсандап, қозымен бірге жүгірген, сөйтіп жүріп, айналасының жақсы-жаманын танып, әлімжеттікпен күресуге ұмтылған жасампаз қалыпта береді. Академик С.Қирабаев: «Қазақ жалшысының ауыр тұрмысы, моральдық жүдеулігі, ұсқынсыз сыртқы кейпі Сұлтанмахмұт өлеңдерінен кейін, Сәбит поэзиясында көрінді. Ақын қазақ кедейінің ауыр тұрмысын жасырмай, сыртқы ұсқынсыз бейнесін сәндемей, сол күж-күж қалпында әдебиетке кіргізді», - дейді [7, 127].

Қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселесі туралы белгілі ақын Т. Медетбек: «Баба дәстүрдің мұрагері – өз ұлтының рухани байлығы мен әлем әдебиетінің үздік үлгілерін бойына жинақтап, оларды өзінше игеріп, өзінше қорытқан, өз уақытының үні бола білген, өз заманының әлеуметтік мәнін ашып көрсете аларлық қуатқа ие немере Жаңалық» – деп қорытады. [8,56].

Ал әлем әдебиеті тарихы көрсеткендей әдебиеттегі әр тарапты ағым-бағыттардың қарама-қайшылығы үнемі жаңаның жеңуімен аяқталған. Әдебиеттегі алдыңғы қатарлы идеялар мен көзқарастар өзінің объективті сипаты арқылы дәйекті тұжырымдар мен қорытындыларды алға шығарып отырды [9, 97]. Дәстүр мен жаңаның үйлесімі – диалектикалық күрделі құбылыс. Себебі әдебиет пен өнердегі дәстүр мен жаңашылдықтың тұтас дәуірлік салмағы бар. Ал, белгілі бір кезең тұсында туған көркем дүниелер қаншалықты дәуір идеологиясы шеңберінен шыға алмады десек те, әр суреткердің шығармашылығы өзіндік бір даралығымен ерекшеленді. Сәкен төңкерістің қоғамға әкелетін сілкінісін көбірек жырласа, Сәбит өзін өзгеше түскендердің қорғаушысы есебінде көрсетті. Ал, «Жырлағаным – кедейдің жыры, сырлағаным – кедейдің сыры. Сырым да бір, жырым да бір. Мен-дағы сол кедейдің бірі», - деп өткен Б.Майлиннің Мырқымбайы «Бара алмаймын, оған пенде бола алмаймын. Тентіретіп жіберсең де, бұл тіліңді ала алмаймын», - деп бүткіл кедейлердің атынан кесімді сөз айта алатын деңгейге жетеді. Бұл ақындардың замана кейпін жекелеген тап өкілдері арқылы көрсетіп, дәуірдің өзгерісін тани алғанын көрсетеді. Үш ақынның өлеңдерінде де мінез, әрекет, шешімді ой бар. Әрқайсысының лирикалық кейіпкері даралана көрінеді. Поэзиядағы ақындарды ортақтастыратын сапа олардың стилі мен тіліне енген жаңа сөздер, ұғымдар арқылы да айқындала түсті. Бұл тұста М.Базарбаев: «Жаңа өмірдің келбетін беретін сөздерді қолдану арқылы поэзия тілі белгілі бір дәрежеде проза тіліне ұқсап кетті. Әсіресе, қазақ сахара тірлігіне етене жақын ақындар үшін бастапқыда трактор, аэроплан, поезд, паровоз, темір жол, телеграф, зауыт, фабрика, цех сөздерін игеру керек болды» [1,145]. Мәселен, С.Сейфуллинде «Тоқу фабрикасында», «Қалаушылар жыры», «Трактор мен комбайн», Т.Жароковта «Бесжылдықтың балғасы», «Нефстан», «Мотор жыры», І.Жансүгіровтің «Жанартау», «Екінші», «Орақ науқаны», Ә.Тәжібаевтың «Отарбада», «Екпінділер жыры» сияқты өлең-жырлары жазылды. Бұл тақырыптағы өлеңдердің пафосы өзгеше болды. Бұрын қазақ даласын, жылдың төрт маусымын, қырдың тірлігін суреттеудегі бірсарынды, баяу ырғақ енді өзгеріп сала берді. Мысалы, «Тоқу фабрикасында» өлеңінде:

Бу машина,  
Құрыш шойын,  
Қыздырады

Думан-тойын, - деп басталған С. Сейфуллиннің өлеңі «Машиналар тоқиды өрмек, Биязылап нәзік өрнек. Тынбай жүйіткіп, тоқи бермек. Өнерлі еңбек бәрін жеңбек» деген ойнақы тармақтардан құралған [2,15]. Нақты әрекеттің шапшаңдығы, бірыңғай ырғаққа құрылған мотиві жаңа еңбектің өзгеше лебін танытады. Бірді-екілі даладағы қой соңында жүрген баяу тіршілік емес. Бұл тұтасқан, реттелген еңбек жыры. Машинаның ырғағынан қалыспаған тоқушылардың қимылы шалт, көңілдері көтеріңкі. Өйткені мұнда еңбекшілердің ұжымы бар, бәріне ортақ мақсат бар. Ә.Тәжібаевтың «Отарба» өлеңінде:

Бейне перне тізілген

Шпал қандай көп еді.  
Шегіндей домбыра  
Рельстер күй төгеді  
Міне отарба жөнеді,  
Қазақстан ән-жырын,

Өрге тартып келеді, - деуінен ақынның отарба, рельсті домбыраның шегіне, күй төккен, ән-жыр туған сәтке ұқсатады [10, 89]. Ендеше, қазақ ақындары жаңа заманның күйін беруде жаңашыл ұғымдарға сүйенгенімен, дәстүрлі ұлттық бейнелерден ұзап кетпеген. Керісінше, қазақ даласы ерекше думан-тойға айналғандай деп көңілге жақын бейнелеу жасайды. Әрине, осы кезеңде мынадай пікір де орнықты: «Шынын айтсақ, тілі бай, ішкі иірімі мол шынайы поэзиядан гөрі осындай қарапайым сөйлейтін, өмірімізге жаңа еніп жатқан өндіріс терминдерін қамти, жалаулата, пафосқа беріліп, екпіндете айтатын өлең көп жазылды. Поэзия міндеті алға бастап, халықты ілгері шақыру емес, күнделікті күйбеңге ілесіп, топпен бірге жүру деп ұғылды. Ақындар осы төңіректе табылуға тырысты. Сондықтан да үлкені бар, кішісі бар, қазақ ақындарының отызыншы жылдардағы өлең-жырымен танысқанда социалистік құрылыс жаңалықтары ізімен ғана жүріп отырған шежірешілдік аңғарылды» [11, 153]. Бұл пікір де негізді. Өйткені дәуірдің талабынан туындаған әдебиетте мұндай сипаттың орын алғаны шындық. Алайда, «Жаңашылдық – заман шарты» деп зерттеушінің өзі айтқандай, осы жалаулатқан пафос, шежірешілдікпен ілесе қазақ поэзиясында бірқатар өзгеріс-жаңашылдықтың туғанын жоққа шығаруға болмайды. Зерттеуші қазақ поэзиясындағы идея, түр жаңалығының келуі социалистік кезеңмен үндесіп жатқанын айтып, С.Сейфуллиннің «Бұлшық ет», «Тоқу фабригінде», «Қызыл әскер маршы», «Сылаушылар жыры», «Даладағы жаңа күй», «Тракторшы», «Колхозда» өлеңдерін дәлел етеді. Ғалым байқаған жаңашылдық неде? Мысалы:

Экспресс зырлайды,  
Ешқайда мойын бұрмайды.  
Ерлер мінсе шыдасын!

мейлі жыласын,

Қорқақтар  
Шыдамаса құласын.

Аямай сілте барыңды [2,31].

Ақын жаңа заманның жылдамдығына бәйгекөктің, тұлпардың, отарбаның ілесе алмайтынын, енді олардан ұшқыр экспрестің керектігін айтады. Оның артықшылығы тоқтамай, зырлайтын шапшаңдығы тек уақыт жағынан ғана емес, оған мінген адамдардың төзімін, мінезін де шындайды. Ақын тек экспресті ғана сипаттап тұрған жоқ, өзгерген, жетілген қоғамның тұтас көрінісін де беріп тұр. Қоршаған орта түгелдей жаңарған. Күрес, қызу еңбек, жылдам әрекет енді адамнан бұрынғы алаңсыздықты, бей-жайлықты ұмытуды талап етеді. Өмірдің тынысы өзгерген. Сондықтан да мұндай қоғамға өжет, батыл жандар керек. Ал, «Бұлшық ет» өлеңі осы көріністі нақтылай түседі:

Айғырдың тоқпақ жалындай,  
Бөкеннің серке санындай.  
Қайыңның қырған безіндей,  
Шортанның жұмыр беліндей –  
Түйіні тоқпақ бұлшық ет [2, 34].

Ақынның бұл өлеңінің жаңашылдығы - адамның қайрат-күшіне қатысты әдепкі мінез, дене қасиеттерін емес, әдеби қолданыста жиі кездесе бермейтін бұлшық етті алуы. Бір қарағанда адамның көзіне анық шалына қоймайтын бұлшық еттің серпінді қимылы жаңа заманға бейімделе бастаған адамның ширақ, ырғақты еңбек әрекетін көрсетеді. Бір заттың кішкене бөлшегі арқылы тұтас құбылысты көрсету, әрі толымды бейне жасау – Сәкен Сейфуллиннің ақындық ерекшелігі. Зерттеуші осы тұста қаламгерді танып-біліп, шығармашылығына баға беруде оның қайраткерлік қызметінің де орны ерекше екенін айтады. Сәкен Сейфуллиннің қазақ әдебиетінің жаңашыл, революцияшыл бастаушысы дей отырып, ақынның саяси өмірдің қазанында қайнап, заманның бет-бағдарын жете тануы оның шығармашылығында көрініс тапқанын айтады. Сөйтіп, ақынның «Кел, жігіттер», «Жас қазақ

марсельезасы» өлеңдерін атай отырып, қазақ поэзиясындағы жаңалықтың, жаңа беттің енді басталғанын айтады.

Ұлттық поэзияның кең тынысы өмірдің жаңа сипатын беруде де өзінің әлеуетін көрсетті. Әрине, бұл тұста қазақ өлең-жырларының ежелден орныққан көркемдік қуатын атпай кетуге болмайды. Сәкен Сейфуллиннің «Бұлшық ет» өлеңіндегі «бөкеннің серке санындай, қайыңның қырған безіндей, шортанның жұмыр беліндей» деген үдетпелі теңеуінде дәстүрлі әсірелеу сипаты аңғарылады. Яғни ақын жаңа заманның тыныс беруде «бөкен, қайың, шортан» сияқты өзге бейнелерді кіріктіріп, кішкентай бөлшекті суреттеуде тұтас ұғымдарды қолданған. Зерттеуші «Егер біз жаңашылдық деген ұғымға терең ғылыми мән берсек, оның бойына біраз шығармашылық және теориялық ұғымдарды сыйғызар едік. Әдебиеттегі жаңашылдықты мазмұн мен түрдегі жаңашылдық деп екіге бөліп жүрміз», - дейді [12,125]. Зерттеуші С.Сейфуллин поэзиясындағы жаңашылдықтың түрлене берілуін назардан тыс қалдырмайды. Қазақ поэзиясында әдетте, тұлпар, сұңқар, қыран ұғымдарының мағынасы жиі түрлене қолданатынын білеміз. Жоғарыда талданған «Экспресс», «Бұлшық ет» өлеңдерінде ақынның стиль өзгешелігі бұрыннан бар бейнелерді, ұғымды дамыта қолдану болса, «Альбатрос» шығармасында мүлде жаңа бейне жасайды. Үзінді алайық:

Айнала жау,  
Сақ бол күзет, жалықпа  
Жерде, көкте  
Кірпік қақпа, қалықта!  
Бейне Альбатрос,  
Көкте гүрлеп шарықта!  
Алмас оқпен  
Жанған шоқпен  
Ер Альбатрос,

Дұшпанға мерт жай түсір! [2, 48]. Альбатрос жел мен дауылға төтеп береді. Ақын заман өзгерісін жалпы пафос, дидактикамен емес, нақты бейнелер арқылы жеткізеді. Жоғарыдағы поэмадан алған үзіндіде бұрын ұлттық поэзияда кездесе қоймаған – альбатрос бейнесін алады. Альбатрос – ұзын тұмсықты, жіңішке қанатты теңіз құсы. Оның суда жүзе алатын қасиеті бар, жаңбыр-дауылға төтеп бере алатын дауылпаз құс. Ақын осы бейнені замана күресіне қарсы тұра алатын күрескер, қайраткер төңкерісшіл бейнеге теңейді. Оның әрекеті қоғамның бар саласынан байқалады. Сондықтан альбатрос – көкте, жерде, теңізде. Ақын төңкерісшіл адамның жалынды, намысты, өршіл бейнесін қыран, тұлпар емес, осы альбатростың қасиетіне кіріктірген. Сол арқылы ақын поэзияға жаңа бейне әкелген. Бұл шығарманың идеясына ғана емес, құрылысына да ерекшелік береді. Осы ретте С.Сейфуллиннің «Жас қазақ марсельезасы» өлеңін еске түсірейік. Ақын:

Азамат, жүнжіме, жүрме бос,  
Қол ұстас, бірігіп тізе қос.  
Ту ұстап дұшпанға барайық,

Теңдіктің ұранын салайық, - дейді [2, 9]. Өзімізге мәлім ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамына жаңадан ене бастаған сөздердің қатарында «азамат» сөзі де болды. Азамат – ой-санасы жетілген әрекет иесі, елінің тағдырына ортақтасуға, ара түсуге мүдделі жан [13, 105]. Ақынның дәуірінде мәселен, Мағжан Жұмабаевтың «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты» жастарға сенетінін айтса, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды» мақсат еткен. Сәкен Сейфуллиннің де осындай өршіл жанды бөліп алып, «азамат» деп атап, өзінің мақсатын жеткізеді. Ақынның лирикалық кейіпкерге қойған талабы – өзіне де берген серті. Ол - бірігіп, ту көтеріп дұшпанға бару, теңдіктің ұранын салу. Яғни ақын поэзияның жаңашыл, өршіл сипатын жекелеген бейнелер арқылы толықтырады. Ақынның поэзиясындағы мотив заманның көрінісін беру арқылы, жаңашыл сипатын дәйектеу арқылы өзгерген. Әрі бұл өлең құрылысынан да аңғарылады. Мәселен, «Альбатроста» қысқа буынды тармақтардың соңы әрекетті білдіретін сөздермен (-жалықпа, - қалықта, - шарықта, - жай түсір) аяқталып тұр. Осындағы қимыл

қозғалыстың үдетпелілігін тармақ ортасындағы – сақ бол, - күзет, - кірпік қақпа, - гүрле деген сөздер күшейте түскен. Сондықтан да әр тармақтағы әрекеттің бейнелілігі альбатростың қасиетін ашады. Соңғы тармақтағы «Ер Альбатрос, дұшпанға мерт жай түсір!» деуі әрекеттің аяқталуын білдіреді. Сол сияқты «Жас қазақ, марсельзасы» өлеңінде де ақын өзі тандап алған кейіпкерінің болмысына нық сенеді. Ең бастысы – бірігу, тізе қосу. Ақын өлеңдерінің соңғы тармағында қайталанатын сөздер қатары көрініс береді. Мәселен, «Сен, Альбатрос, жерде, көкте, теңізде» деп дауылпаз құстың әлемді меңгере алатын қасиетін көрсетсе, «Жас қазақ марсельзасында» «тізе қос, тізе қос, тізе қос» деп алға қойған мақсаттың айқындылығын, айнымайтын сипатын бекіте түседі. Кезінде орыс әдебиетінде Маяковскийдің көпшіліктің құлағын елең еткізетін, әрекетке шақыратын декламациялық өлеңдеріндегі пафос та орыс поэзиясының құрылысына өзгеріс (баспалдақты тармақтар) енгізген еді. Мұндай өзгерістердің бірқатар ел әдебиетінің даму сапасына ықпал еткенін зерттеуші де атайды: «... Осындай тыңнан жол салған, жаңа әдебиеттің бастаушысы болғандар Өзбекстанда Хамза Хақимзаде Ниязи, Тәжікстанда Садриддин Айни, Арменияда Егише Чаренц, орыс әдебиетінде М.Горький, В. Маяковский, ал Қазақстанда С.Сейфуллин» [12, 12].

Жаңа заманның бейнесін ашқан өлең-жырлар белгілі бір дәрежеде ақындардың алдына азаматтық, қайраткерлік міндет те қойды. Олар өз шығармаларында заман өзгерісін сырттай бақылаған жоқ. Соның ортасында болды, араласты, күрескерлік әрекетке барды. Олар өлең-жыр тудырып қана қойған жоқ, шығармалары арқылы күрес, тартыс, бірігу туралы ой тастады, оның мәнін түсіндірді, бейнелі көркем өрнектеулер жасады. Яғни дәуір суреткерлері қалам қуатын қайраткерлікпен біріктірді. Осы тұста жаңа заман лебін белсене жырлаған ақындардың қатарында С.Мұқановты атаған зерттеуші ақынның «Бостандық» өлеңін келтіреді:

Бұл бостандық көктен бізге келмеді

Ешкім бізге сыйлап және бермеді.

Мұнда қазір ортағы жоқ ешкімнің,

Бұл бостандық жұмыскердің жеңгені [3,29]. Жаңа идея, жаңа ой өлеңді жаңаша ете түскен. Мұнда ақынның нақты, шешімді ойы анық байқалады: қалың бұқараға керекті бостандық тек күреспен, еңбекші мен жұмысшының әрекетімен келеді. Еркіндік пен бостандықты сақтап қалу үшін елді сүю керек, онтанды қорғау қажет. «Отанды қорғау, бейбітшілік пен батырлық тақырыбы көркем әдебиеттің негізіне айналды» [14,383] өлең эстетикалық талғамды ғана қалыптастырмай, патриоттық сезімді дамыта тұған күш. «Елдің жігерін көтеру мақсатында жазылатын жырлардың бастауы көне дәуірдерден нәр алатынын байқаймыз» [15,10]. Сондықтан жаңа заманның қаһармандары жаңаша бояу, жаңаша түр, азаматтық ұстаным ұсынғанмен түп төркіні дәстүр жалғастығында жатқанын аңғаруымызға болады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы поэзия қаншалықты дәуір, идеология талабынан үзіліп кете алмады десек те, өзіндік беталысын байқатты. Тіпті бұл дәуірде поэзия жанрының ауқымды түрлену ерекшелігі көзге түсті. Кеңес жағдайындағы қоғамның, бұқараның бейнесі ашылды. Дәстүр мен жаңашылдық қабыса, жарыса пайдаланылды. Ақындар жаңа тақырыптан жаңа идея, жаңа форма мен стиль тудыра алды. Кейде ақындар ескі формаға жаңа идея үстеп, поэзияның эстетикалық өміршендігін ұзартты. Жыр-дастандағы қозғалмалы, шапшаң сипат кезең поэзиясына табиғи түрде кіріге түсті. Қазақ даласындағы кәнігі, дәстүрлі көрініске жаңа бейне, жаңа суреттеулер енді. Осы идеялық және пішіндік жаңашылдық бүгінгі өзінің бойына лирикалық-публицистикалық сипатты тоғыстырып, жанрлық жағынан түрленген ұлттық поэзияның болмысымен үндеседі. Бұл қазақ поэзиясының дәуір өзгерісіне ілесіп алған серпінді қадамдарын танытады. Ендеше, мақалада қозғалған теориялық-әдіснамалық қисындар бүгінгі жаңа бағыттағы ізденістерге сабақтаста алатынына сенімдіміз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Базарбаев М. Қазақ поэзиясы: Көркем ізденістер (Абай дәстүріне). – Алматы: Жазушы, 1995. – 304 с.
- 2 Ахметов З. Олең сөздің теориясы. – Алматы: Ғылым, 1976. – 282 б
- 3 Сейфуллин С. Шығармалары. Бес томдық. Т.5. – Алматы: Қазығұрт, 2013. – 387 б.
- 4 Смирнова Н. Қазақ халық поэзиясы. - Алматы: «Ғылым», 1967. – 148 с.
- 5 Құнанбаева А.Б. Типологияның тосын сыйлары: ежелгі грек және қазақ лирикасы әлемінен // Этнография және фольклор журналы Том 1-2, С. 23-39 2019.
- 6 Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. Т.1. – Алматы: Жазушы, 1978. – 320 б.
- 7 Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Қазығұрт, 2010. – 300 б.
- 8 Жанұзақова Қ.Т., Өтепбергенова Г. Қазақ прозасындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселесін. // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. № 4-5 (150-151).
- 9 Schelling F. Philosophy of Art. – М.: Mysl, 1999. – 489 p.
- 10 Тәжібаев Ә. Бес томдық шығармалар жинағы. Т. 1. – Алматы: Жазушы, 1978. – 325 б.
- 11 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1997. – 512 б.
- 12 Базарбаев М. Олең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 256 б.
- 13 Гете И. Өнер туралы. - М.: Прогресс, 2019. – 400 б.
- 14 Rakhymzhan T.S. Sarekenova K.K., Baitanasova K.M, Myrzakhmetov A.A., Aimukhambet Zh.A.The role of historical figures and legend motifs in the modern prose structure in expressing the idea of statehood // Astra Salvensis, №1, 2021, 383–393 <https://astrasalvensis.eu/2021-2/#>
- 15 Alimbayev, A.E., Daurenbekova, L.N., Kemenger, K.R., Imanberdiyeva, S.K., Bashirov, N.K. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities, 2020, 12(4), 1–11.

Материал 03.06.2024 баспаға түсті

### Творчество поэтов в исследованиях М. Базарбаева

С. Батан<sup>1</sup>, А.Е. Алимбаев<sup>1</sup>, А.А. Мирзахметов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова, Астана, 010009, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, 010009, Республика Казахстан

*Казахская поэзия – постоянно развивающийся жанр. В истории отечественного литературоведения быстрые изменения в развитии поэзии показали характер литературы целом, постоянно изучались ее тематические, идейно-художественные и структурные особенности. Муслим Базарбаев был ученым, обратившим внимание на особенности периодического развития казахской поэзии в систематическое изучение традиций и новаторства, художественных аспектов. В ходе исследования казахской литературы и поэзии прошлого века исследователь всесторонне рассмотрел теоретико-методологические, исторические, тематические, художественно-стилистические особенности, выделил прогрессивные и более новые искания в направлении развития поэзии, эпохальные критические взгляды о поэзии той эпохи. В статье рассматривается как исследователь М.Базарбаев проанализировал стихотворения казахских поэтов XX века С.Сейфуллина, С.Муканова, А.Тажимаева, научно обосновал содержание, форму и стилевые изменения характерные для литературы эпохи, значение используемых традиционных понятий получившие широкие распространения и как стилистические особенности получили новое содержание за счет вновь введенных понятий.*

*Если рассматривать казахскую поэзию как один из богатейших жанров, тематически-идейно распространяющих казахскую литературу, то ее изучение, не отставая от*



*современности, является большим вопросом повестки дня. Учитывая, что поэзия занимает особое место в описании облика времени, человеческой личности, стихотворение анализируется как инструмент, который находит ключ к разгадке человеческой тайны, мистического мира.*

*Ключевые слова: поэзия, период, форма, тема, новаторство*

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Базарбаев М. Казахская поэзия: художественные искания (К традициям Абая). – Алматы: Жазушы, 1995. – 304 с.
- 2 Ахметов З. Теория стихотворного слова. – Алматы: Ғылым, 1976. – 282 б.
- 3 Сейфуллин С. Сочинения. В пяти томах. Т.5. – Алматы: Қазығұрт, 2013. – 387 б.
- 4 Смирнова Н. Казахская народная поэзия. – Алматы: Наука, 1967. – 148 с.
- 5 Кунанбаева А.В. Сюрпризы типологии: из мира древнегреческой и казахской лирики // Обзор этнографии и фольклора Том 1-2, С. 23-39 2019.
- 6 Мұқанов С. Избранные произведения. В шестнадцати томах. Т.1. – Алматы: Жазушы, 1978. – 320 б.
- 7 Қирабаев С. Многотомное собрание сочинений. Т.1. – Алматы: 2010. – 300 б.
- 8 Қ.Т. Жанұзақова, Г. Өтепбергенова. Проблема традиции и новизны в казахской прозе. // Вестник КазНУ. Филологическая серия. №4-5 (150-151). 2014
- 9 Schelling F. Philosophy of Art. – М.: Мысль, 1999. – 489 р.
- 10 Тәжібаев Ә. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 1. – Алматы: Жазушы, 1978. – 325 б.
- 11 Казахская литература 20-30-х годов. Книга 1. – Алматы: Ғылым, 1997. – 512 б.
- 12 Базарбаев М. Стих-царь слова, Сара слова. – Алматы: Жазушы, 1973. – 256 б.
- 13 Гете I. Об искусстве. - М.: Прогресс 2019. – 400 б.
- 14 Rakhymzhan T.S. Sarekenova K.K., Baitanasova K.M, Myrzakhmetov A.A., Aimukhambet Zh.A. The role of historical figures and legend motifs in the modern prose structure in expressing the idea of statehood // Astra Salvensis, №1, 2021, С 383–393 <https://astrasalvensis.eu/2021-2/#>
- 15 Alimbayev, A.E., Daurenbekova, L.N., Kemenger, K.R., Imanberdiyeva, S.K., Bashirov, N.K. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities, 2020, 12(4), 1–11

Материал поступил в редакцию журнала 03.06.2024

#### **Creativity of poets in the research of M.Bazarbayev**

S. Batan<sup>1</sup>, A.Ye. Alimbayev<sup>1</sup>, A.A. Mirzakhmetov<sup>2</sup>

<sup>1</sup>A.K. Kussayinov Eurasian humanities institute, Astana, 010009, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010009, Republic of Kazakhstan

*Kazakh poetry is a constantly evolving genre. In the history of Russian literary criticism, rapid changes in the development of poetry showed the nature of literature as a whole its thematic, ideological, artistic and structural features were constantly studied. Muslim Bazarbayev was a scientist who turned the peculiarities of the periodic development of Kazakh poetry into a systematic of traditions and innovation, artistic aspects. During the study of Kazakh literature and poetry of the last century, the researcher comprehensively examined the theoretical, methodological, historical, thematic, artistic and stylistic features, highlighted progressive and newer quests in the direction of the development of poetry, epoch-making critical views about the poetry of that era. The article examines how researcher M.Bazarbayev analyzed the poems of the Kazakh poets of the 20th century S.Seifullin, S.Mukanov, A.Tazhibayev, scientifically substantiated the content, form and stylistic changes characteristic of the literature of the era, the meaning of the traditional concepts used, which became widespread and as stylistic features received new content due to newly introduced concepts.*

*If we consider Kazakh poetry as one of the richest genres, thematically and ideologically spreading Kazakh literature, then its study, keeping up with modernity, is a big issue on the agenda. Considering that poetry occupies a special place in describing the appearance of time, the human personality, the poem is analyzed as a tool that finds the key to solving the human mystery, the mystical world*

*Key words: poetry, period, form, theme, innovation.*

## REFERENCE

- 1 Bazarbayev M. Kazakhskaya poeziya: korkemdik izdenis (K traditsiyam Abaya). [Kazakh poetry: artistic pursuits (Towards the traditions of Abai)]. (Almaty, 1995).
- 2 Akhmetov Z. Stikhotvoreniye – eto teoriya slova [The theory of the poetic word]. (Almaty, 1976).
- 3 Seyfullin S. Rabotayet. Pyat' tomov. T.5. [Essays. In five volumes. Vol.5]. (Almaty, 2013).
- 4 Tsmirnova N. Kazakhskaya narodnaya poeziya. [Kazakh folk poetry]. (Almaty, 1967).
- 5 Kunanbayeva A.B. (2019) Syurprizy tipologii: iz mira drevnegrecheskoy i kazakhskoy liriki [Review of Ethnography and Folklore].
- 6 Mukanov S. Izbrannyye proizvedeniya. Shestnadtsat' tomov. T.1. [Selected works. In sixteen volumes. Vol. 1.]. (Almaty, 1978).
- 7 Kirabayev S. Mnogotomnoye sobraniye sochineniy. T.1. [Multivolume collection of works]. (Almaty, 2010).
- 8 Zhanuzakova K.T., Utepbergenova G. (2014) Problema traditsii i novatorstva v kazakhskoy proze, Vestnik KazNU. Seriya «Filologiya»].
- 9 Shelling F. Filosofiya iskusstva. [Filosofiya iskusstva] (M., 1999).
- 10 Tazhibayev A. Sbornik sochineniy v pyati tomakh. T. 1. ["I'm sorry," he said. Volume 1]. (Almaty, 1978).
- 11 Kazakhskaya literatura 20-30-kh godov. Kniga 1. [Kazakh literature of the 20-30s. Book 1.].(Almaty, 1997).
- 12 Bazarbayev M. Stikhotvoreniye – tsar' slov, dvorets slov. [Verse is the king of the word, Sarah of the word]. (Almaty, 1973).
- 13 Gete I. Ob iskusstve [Ob iskusstve] (M., 2019).
- 14 Rakhimzhan T.S. Sarekenova K.K., Baytanasova K.M., Myrzakhmetov A.A., Aymukhambet ZH.A. (2021) Rol' istoricheskikh lichnostey i motivov legend v strukture sovremennoy prozy pri vyrazhenii idei gosudarstvennosti, Astra Salvensis.
- 15 Alimbayev A.E., Daurenbekova L.N., Kemenger K.R., Imanberdiyeva S.K., Bashirov N.K. (2020) Ideya vechnoy strany v pervykh epicheskikh poemakh tyurkskikh narodov, Zhurnal Rupkata mezhdistsiplinarykh gumanitarnykh issledovaniy.

Received: 03.06.2024

MFTAP 17.01.11

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss2pp141-152](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp141-152)

**А.А. Демесинова<sup>1</sup>, Аян Екрем<sup>2</sup>, Г.К.Кажыбаева<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 02000, Қазақстан Республикасы,

<sup>2</sup>Мугла Сыткы Кочман университеті, Мугла, 48000, Түрік Республикасы

## ФЭНТЕЗИ ТИПОЛОГИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*XX-XXI ғасырдың әлемдік мәдениетіне адамзат басынан өткен екі бірдей дүниежүзілік соғыстар нәтижесінде туындаған дағдарыстарға байланысты өмірдің ащы шындығынан оқшаулануға, тарихи дамудың мифтік бастанқы кезеңдеріне қайта жүгінуге бағытталған*